

## Төлеби ауданы әкімінің 2020 жылғы 15 мамырдағы № 05 "Төтенше жағдай жариялау туралы" шешімінің күшін жою туралы

Түркістан облысы Төлеби ауданы әкімінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № 09 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 20 қарашада № 5896 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33 бабының 1-тармағы 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48-бабына сәйкес және Түркістан облысы Төлеби ауданы әкімдігінің жанындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссия отырысының 2020 жылдың 5 қарашадағы № 13 хаттамасы негізінде, Төлеби ауданының әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Төлеби ауданы әкімінің 2020 жылғы 15 мамырдағы № 05 "Төтенше жағдай жариялау туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5620 нөмірімен тіркелген, 2020 жылғы 19 мамырда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. "Төлеби ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Төлеби ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

Төлеби ауданының әкімі

Б. Омарбеков